

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

«Дене мүшелері»

(Ашық сабақ)

Тәрбиеші: Кияшбаева А.А.



2023оқу жылы

Тақырыбы: Дене мүшелері
Білім беру салалары: Коммуникация
Бөлімдері: Сөйлеуді дамыту
Мақсаты: Білімділік: Адам дене мүшелерін, олардың атқаратын қызметтерін үйрету.
Дамытушылық: Тілдерін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыру.
Тәрбиелік: Тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету.
Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Адам туралы қысқаша түсінік беру
Әдіс-тәсілдер: Амандасу, шаттық шеңбер, Суретпен жұмыс, түсіндіру, әуенді сергіту сәті, ойын, мадақтау.
Қажетті көрнекі құралдар: Адамның дене мүшелерінің суреттері, адам ішкі ағзасының макеті.
Қостілділік компонент/билингвальный/:
Дене мүшелері-части тела,
Бас-голова,, Шаш-волосы, Көз-глаза, Мұрын-нос,
Ауыз-рот, Құлақ-ухо, Қол-рука, Аяқ-нога.

-Сәлеметсіздерме, балалар!
-Көңіл-күйлеріңіз қалай?
-Олай болса мен сіздермен көріскеніме қуаныштымын.
-Балалар ортаға шығып шаттық шеңберін құрайық.
Шаттық шеңбер
Кел, достарым келіңдер.
Қолдарыңды беріңдер,
Шаттық толы шеңберге,
Қуанышпен еңіңдер.



Балалар, бұл бейне сюжетте біз не түсіндік?
Балалар: Бас, аяқ, қол, дене мүшелерімен таныстық.
Тәрбиеші: Жарайсындар балалар.



Балалар, біздің есігімізді біреу түртіп тұр.

Қуыршақ Мирас: Саламатсыздарма апайлар мен балалар!

Менің атым Мирас мен сендерге қонаққа келдім және досымды Қанқаны іздеп келдім.

Сендер көрген жоқсындар ма?

Балалар: Жоқ.

Тәрбиеші:Мирастың досын табуға көмектесеміз ба?

Балалар: Иә көмектесеміз!



Тақтамен жұмыс. «Сынарын тап»

-Балалар бәріміз тақтаға назар аударайық.

-Балалар осы тақтаға бір және екі дене мүшелерін тауып, екі жаққа топтастыру. (атап өту)



-Өте дұрыс жарайсыңдар!

Кіріспе әңгіме

-Балалар бүгін біздер «дене мүшелері» деген тақырыпқа әңгімелесетін боламыз.

Суретпен жұмыс.

Балалар ең алдымен біздер кімдерміз?

-дұрыс.

Адам-жер бетіндегі тіршілік иесі. Адамның дене мүшелері болады олар:

Бас, мойын, қол, аяқ, тізе, шынтақ, саусақ, кеуде, иық — адамның дене мүшелері . Мұны адамның қаңқасы дейді.

Адамның бас мүшесінде шаш, бет, көз, құлақ, мұрын, ауыз, маңдай, шеке, иек, қас, ерін, тіс, тіл, аңдай, т.б. мүшелер орналасқан. Осы мүшелердің атқаратын өз қызметтері бар. Адамдар баспен ойлайды, көзбен көреді, мұрынмен дем алады, құлақпен естиді, ауызбен тамақтанады, тілмен сөйлейді, тіспен тамақ шайнайды, аяқпен жүреді, қолмен ұстайды.

Бұлардан басқа көзбен көруге болмайтын ағзалар да бар.





Олар: асқазан, бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе тамақ, іш. Өкпе –адам қабырғаларының ішінде орналасқан.Адамда екі өкпе бар,оң жақ өкпе және сол жақ өкпе.Осы өкпе арқылы ауа ішімізге кіреді және сыртқа шығады.жүрек әрқашан өзімізбен бірге өсіп тұрады.Жүрек сол жақта орналасқан.Жүрек барлық мүшелерге қан шашып тұрады.жүрек адамның маторы,жүрек спортпен,жаттығулармен айналысқанды жақсы көреді.Әр адамның жүрегі өз жұдырықтарындай болады. Бауыр-қанды тазартуға ,удан арылтуға көмектесетін,дененің оң жақ,қабырғалардың астында орналасқан ішкі мүше. майлы тағамдар бауырдың қас жауы. Ішек-ол бұлшық етті мүше.Ішек ирелендеп орналасқан.Ішек арқылы жеген тағамдарымыз алға қарай жылжып отырады екен. Әр адам өз дене мүшелерін таза ұстау керек. Адамның денсаулығы жақсы болу үшін құнарлы тағамдар жеу керек.Көкөністер,жемістер көп жеу керек.сонымен бірге су көп ішіп тұру керек Беті-қолды сабынмен жуып, тісті тіс щеткасымен тазалап отыру керек. Шашты жиі жуып, құлақтың ішін сабынды сумен жуып тұру керек. Денсаулықтың кепілі — тазалық. Дені сау болу үшін спорттық жаттығулармен айналысу керек және гигиена шараларын сақтау қажет. Мысалы біз танертең тұрғанда бетті жуып тісімізді тазалаймыз ба?

Балалар: Иә, әрине.

Ал, енді қазір сендердің алдарына тістің суреті мен щетканы және салфетканы беремын.

Қарандаршы тістеріміз таза ма?

Балалар: Жоқ, тістеріміз лас.

Тістерімізді щеткамен тазалап көрейікші.



Балалар бәріміз орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық.

-Сергіту сәті видео(әуенімен).

Ойын «Дұрыс орналастыр»,

Ойын барысы: тәрбиеленушілер қуыршақтың көленкісін тауып әр дене мүшенің орналастырып қою керек.



-Жарайсындар балалар,рахмет сендерге.

Ойын: «Бас,аяқ,құлак»

Ойын барысы: Дене мүшелерін атап оны тез тауып, ортадағы затқа тез қол жеткізу.



Қорытындылау

-Балалар бүгін біздер қандай мүшелермен таныстық?

-Қандай дене мүшелерімен барлығымыз атап өтейік?

- Дене мүшелерінің атқаратын қызметтері қандай?
- Деніміз сау болу үшін күнделікті немен шұғылданауымыз қажет?

Дене мүшелерімен
Балалар дене мүшелерін атайды.



Бас-ойлау үшін.көз-көру үшін, мұрын –демалу, иіс сезу үшін,ауыз-сөйлеу,тамақтану үшін.
Деніміз сау болу үшін үнемі жаттығумен айналысып дене мүшелерімізді таза ұстауымыз қажет.
Сау болыңыз.